

**Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға шет ел инвестициясын тарту жөніндегі
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамашылығы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 7 желтоқсан N 1686

Аудандық агроөнеркәсіп кешені түріндегі шаруашылық жүргізудің селодағы жаңа нарықтық нысанын енгізу, ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін шет ел капиталын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Агроинвест GPAL" компаниясын Көкшетау облысының Рузаев ауданында, Қостанай облысының Урицкий ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданында агроөнеркәсіп кешендерін құруға тарту жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен және аталған облыстардың әкімдерімен келісілген бастамашылығы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Ақсуат, Сулы, Париж коммунасы атындағы, Урицкий және Қоскөл элеваторлары акцияларының мемлекеттік пакеті қолданылып жүрген заңдарға орай "Астық өнімдері жүйесіндегі акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1450 қаулысына сәйкес "Агроинвест GPAL" компаниясына сатылсын;

"Агроинвест GPAL" компаниясының басқармасына Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша осы аудандарда орналасқан ауыл шаруашылығы, ұқсатушы және агроөнеркәсіп орындары акцияларының мемлекеттік пакетін беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экономика министрлігі Қостанай, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі мемлекеттік қорға, меншіктің барлық нысанындағы ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерге берілген кредиттер бойынша қарыздары беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 наурыздағы N 224 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 8, 87-бап) сәйкес, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау жөніндегі

мемлекеттік қорға орталықтандырылған кредиттік ресурстар жөніндегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының берешегін көшіру бөлігіндегі, кешенге кіретін, олардың берешегін көшіру мүмкіндігін зерттейтін болсын.

4. "Агроинвест GPAL" компаниясы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қазақстан халықаралық агроөнеркәсіп биржасымен бірлесе отырып, бір ай мерзімде, агроөнеркәсіп биржасымен бірлесе отырып, бір ай мерзімде, агроөнеркәсіп кешендерін құру тәртібін, басқару мен дамыту бағдарламасын әзірлесін шет ел инвесторларының нақты қатысу тетігін, шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын дамыту, жаңа технологиялар мен ғылыми әзірлемелер сатып алу мен енгізу жолдарын пысықтасын.

5. "Агроинвест GPAL" компаниясының "Ақтау" теңіз портын

жаңғыртуға қатысуы және өз инвестициясы есебінен 50 мың тонналық астық элеваторын салуды қамтамасыз етуі жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Маңғыстау облысының әкімі "Агроинвест GPAL" компаниясына аталған жобаларды жүзеге асыруға қолдау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі